

УДК 327.99

ҚЫТАЙДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҮДДЕЛЕРІ

Жанаева Ақбота Абзалқызы

zhanaeva_a.a@mail.ru

Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс студенті,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясында Қытаймен екіжақты және көпжақты форматтағы қарым-қатынастарды дамыту және тереңдету маңызды орын алады. Терең тарихи байланыстарға, географиялық жақындыққа және қауіпсіздік пен экономикалық ынтымақтастық саласындағы ортақ мүдделерге байланысты ҚР мен ҚХР арасындағы саяси қарым-қатынастарды Қазақстан басшылығы басымдық ретінде белгіледі.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін екі ел тату және тұрақты қарым қатынасты иеленуге мүдделі болды. Осының нәтижесінде 1992 жылы 3 қаңтарда Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды. Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың қағидаттарын айқындайтын алғашқы құқықтық негіздердің бірі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастардың негіздері туралы бірлескен декларация болып табылады. Ол декларация Назарбаевтың 1993 жылы Бейжіңде Цзян Цзэминьмен кездесуі кезінде қол қойылды [1].

Екі ел арасындағы экономикалық байланыс өте жоғары қарқынмен дамып келеді. Мысалы, егер 1992 жылдың басында Қазақстан мен ҚХР арасындағы тауар айналымы 368 миллион долларды құраса, 1997 жылы ол 500 миллион доллардан асты. 1998 жылы бұл көрсеткіш 1 миллиардқа, 2007 жылы шамамен 13,8 миллиард долларға жетті [1].

Сурет-1. Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда айналымы (млн. долл) [2].



Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың мұнай-газ саласы ең серпінді қарқынмен дамуда. Қытайлық компаниялардың Қазақстанның мұнай-газ секторына белсенді қатысуы 1997 жылы Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясының (CNPC) қазақстандық «Ақтөбемұнайгаз» компаниясының 60% акциясын сатып алуынан басталды. Сонымен қатар, сол жылы аталған компания Өзен мұнай кен орнын игеру және пайдалану құқығын алды, одан екі елдің энергетикалық ынтымақтастығы басталды. Қазіргі уақытта Қытай ұлттық мұнай корпорациясы 89,17% акцияға ие. 10 жыл ішінде Қазақстан Қытайға шамамен 53,72 млрд АҚШ доллары көлемінде мұнай мен мұнай өнімдерін, сондай-ақ газ экспорттады. Физикалық көрсеткіштер бойынша бұл шамамен 87,3 миллион тонна және 1,56 миллиард текше метр газды құрайды [3].

Қазақстанның Атасу қаласынан Алашанькоуға дейінгі құбырдың құрылысы 2004 жылдың қыркүйегінде басталып, 2005 жылдың желтоқсанында аяқталды. Ұзындығы 2228 шақырым (1384 миль) құбыр Қазақстандағы Атыраудан Қытайдың Шыңжаңдағы Алашанькоу қаласына дейін созылады. Атасу-Алашанькоу мұнай құбырының учаскесі 700 миллион долларды құрады. Атасу-Алашанькоу 2006 жылы іске қосылған сәттен бастап 2013 жылдың соңына дейін Аспан империясына 52 миллион тонна мұнай тасымалданды. 2013 жылы мұнай экспорты 11,2 млн тоннаны құрады, бұл Қазақстан-Қытай жүйесінің 93%

тиелуін қамтамасыз етті. Дегенмен, құбыр өткізу қабілетін 20 млн тоннаға дейін кеңейтумен Қазақстанға қосымша мұнай көлемі қажет болды және олар табылды [4].

Қытайдан Қазақстанға келетін инвестицияны айта кететін болсам, Қытайлықтар телекоммуникацияны жаңғыртып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, тері өңдеу, қоғамдық тамақтандыру, сауда және т.б жобаларды қаржыландыруда. Қытай Қазақстандағы ең ірі бес инвестордың бірі болып табылады, Қазақстанға инвестицияның жалпы көлемінің 4,7% құрайды. Қазақстанға инвестиция ең алдымен ҚХР энергетикалық қауіпсіздігі тұрғысынан–Қазақстан Республикасы мен Каспий бассейніндегі көмірсутектерге тұрақты және ұзақ мерзімді қолжетімділікті қамтамасыз ету тұрғысынан қарастырылады. 2005-2020 жылдар аралығында Қытайдың Қазақстанға салған тікелей инвестициясының жалпы көлемі (ТШИ) 19,2 миллиард доллардан асты. 2020 жылы Қытайдан Қазақстанның қаржылық емес секторына 600 миллионға жуық ТШИ тартылса, Қазақстаннан Қытайға жіберілген ТШИ көлемі 667,2 миллионды құрады [5].


Екіжақты ынтымақтастық туризм, білім, мәдениет және т.б. салаларда өркендеп келеді. Екі ел арасында білім беру саласы жақсы дамыған. Қазақстан студенттері Қытайға грант арқылы оқуға түсуге өте көп мүмкіндіктері бар. Қазіргі кезде 15 мыңға жуық қазақ студенттері Қытай елінде оқиды [6]. Сонымен қатар, Қытай студенттері Қазақстанға көбінесе біздің көркем тілді үйренуге, табиғатты көруге келеді [7]. Пекин шет тілдер университетінде Қазақстан орталығы 2016 ж. 13 желтоқсан, Шанхай университетінде 16 қараша 2015 ж., Далянь университетінде 8 қаңтар 2016, Сиань университетінде 20 қыркүйек күні 2017 жылы Қазақстан орталықтары ашылған. Қазақстан Қытайда алты қазақ тілі мен мәдени орталығы мен экономикалық және әлеуметтік зерттеулер орталықтарын ашты. Қазақстанда бес Конфуций институты сабақ жүргізеді. Астанамыздағы Еуразия атындағы университетінде 2007 жылы Конфуций институты Ханьбань университетімен меморандумға қол қоюмен ашылды. 2011 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының базасында Қазақстандағы үшінші Конфуций институты ашылды, университет-серіктестігі Шыңжаң қаржы-экономикалық университеті болып табылады. 2012 жылдың 27 қарашасында ҚарМТУ жанындағы Конфуций институтының ашылу салтанаты өтті. Ашылу салтанатына Шихэзи университетінің делегациясы қатысты. Бесінші Конфуций институтын КазУМОиМЯ және Оңтүстік-Батыс университеті 2017 жылдың сәуір айында құрды. Бірақ мұны тек қана екі ел арасындағы ынтымақтастық деп қана емес, сонымен қатар Қытай Қазақстанға жүргізіп жатқан «жұмсақ күш» саясаты ретінде қарастыруға тұрарлық.

Сонымен қатар, Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық өзендер проблемасы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жалпы, Қытай мен Қазақстан үшін трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану мәселесі жаңалық емес. Ол 70-80-жылдардың тоғысында - Кеңес Одағы кезінде танымал болды. Қазақстан мен Қытай аумағы арқылы 23 трансшекаралық өзен ағып өтеді.

Екі ел арасындағы мәселе – Ертіс пен Іле трансшекаралық өзендерінің суын пайдалану. Бұл мәселе әсіресе 1998 жылдың күзінде ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы (ШҰАР) билігі Қара Ертіс – Қарамай каналының құрылысын жеделдете бастаған кезде шиеленісе түсті. Қысқаша айта кетсем, Қазақстан үшін бұл проблема маңызды. Себебі егерде болашақта Қытай елі Ертіс пен Іле өзендерінің ағысын бұрып, өздерінің шаруашылығына пайдаланып алған жағдайда, біз сусыз қалуымыз әбден мүмкін. Сондықтан менің ойымша бұл Қытай елінің Қазақстанға көрсететін манипуляциясы ретінде көруге болады.

Тағы да маңызды айта кететін жайт, Қазақстан мен Қытай арасында еңбек миграциясы көп кездеседі.

Сурет-1. Қазақстанға Қытайдан келген еңбек мигранттары [Автормен құрасытырылған].



Еңбек мигранттарының ең көп келген жылы – 2016 жыл. 2016 жылы шет елден келген жұмыскерлердің күрт өсуі 2017 жылы Қазақстанда болған ЕХРО-2017-ге дайындыққа байланысты деп есептейміз. Нұр-Сұлтан қаласындағы сол жағалауда орналасқан ЕХРО-ны салуға құрылысшылар жетіспеуінен деп ойлаймыз.

Ал диаграмма да көрсетілген статистика бойынша 2020 жылы мен 2021 жылдары төмендеп кеткен еді. Оған дүниежүзілік пандемия үлкен әсерін тигізді. Барлық шекаралар жабылып, үйден шығу қиындықтар туғызды. Өткен жылдың басында Қазақстанға әлемнің әртүрлі елдерінен келген шетелдік еңбек мигранттары санының күрт төмендеуі байқалды. Одан кейін Президент Тоқаевтың бұйрығымен квоталар саны 40 пайызға қысқарды. Оның себебі мынау болды: квотаны 43 мыңнан 29 мыңға дейін төмендету пандемия кезінде ішкі еңбек нарығын қорғайды. Алайда жұмыс берушілерден шетелдік мамандарды тартуға өтініштер саны белгіленген межеден айтарлықтай аз болды. Қалай өзгергенін үстідегі диаграммадан көре аласыздар.

Қытайдың Қазақстандағы мүдделері тақырыбына SWOT-талдау

Күшті тұстары	Әлсіз тұстары
<p>1.Білім беру. Пекин шет тілдер университетінде Қазақстан орталығы 2016 ж. 13 желтоқсан, Шанхай университетінде 16 қараша 2015 ж., Далянь университетінде 8 қаңтар 2016, Сиань университетінде 20 қыркүйек күні 2017 жылы Қазақстан орталықтары ашылған.</p> <p>2.Инвестиция. 2020 жылы Қытайдан Қазақстанның қаржылық емес секторына 600 миллионға жуық ТШИ тартылса, Қазақстаннан Қытайға жіберілген ТШИ көлемі 667,2 миллионды құрады.</p> <p>3.Сауда айналымы. Қытайдың жалпы тауар айналымы 2021 жылдың қаңтар-ақпан айларында 32,2%-ға өсіп, 837 млрд долларды құрады, экспорт – 50%-ға, импорт – 14,5%-ға өсті.</p>	<p>1.Жұмыс миграциясы және brain drain. Елден кетіп, басқа елге барып өз өмірін құрастыру, ол мемлекетке өте үлкен экономикалық қауіпті тудырады.</p> <p>2.Мемлекеттік қарыз. Ұлттық банктің мәліметінше, 2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша мемлекеттік сектордың қарызы 35,6 млрд долларды құрады. Ал Қытай алдандағы</p>

<p>Қытайдың Қазақстанға импорты биылғы жылдың алғашқы екі айында 1,8 миллиард долларды, ал Қазақстаннан Қытайға экспорты 1,7 миллиард долларды құрады.</p> <p>4.«Бір белдеу, бір жол» бастамасы.</p> <p>Қытайды Еуропа, Африка және Оңтүстік-Шығыс Азиямен байланыстыратын екі физикалық бағытты қамтиды. Азия аймағындағы жалпы сомасы 250 миллиард долларды құрайтын жобаларды қамтитын кең ауқымды активтерге инвестициялауға бағытталған. Сондай-ақ алдағы 10 жылда бұл жобаларға 1 триллион доллар жұмсау жоспарлануда.</p> <p>5.Мұнай мен газ байланысы.</p> <p>10 жыл ішінде Қазақстан Қытайға шамамен 53,72 млрд АҚШ доллары көлемінде мұнай мен мұнай өнімдерін, сондай-ақ газ экспорттады. 1997 жылы Қытай ұлттық мұнай корпорациясы (CNPC) тендерді жеңіп алып, Қазақстандағы мұнай компанияларының бірі «Ақтөбемұнайгаз» АҚ акцияларының 60,3 пайызын сатып алды.</p> <p>6.Мәдени байланыс пен ынтымақтастық.</p> <p>Қазақстан кинематографиясы апталығы аясында «Ағайынды үш», «Қыз-Жібек», «Өлімнен кейінгі өлім» және т.б ұлттық фильмдер көрсетілсе, келесі жылы Қытайдың Қазақстандағы мәдениет күндері өтті. Алматыдағы Қастеев атындағы мемлекеттік өнер сарайында Қытай Халық Республикасының бейнелеу өнерінің көрмесі ұйымдастырылды.</p> <p>7.Транзиттік жолдар</p> <p>Қазақстан Еуразиялық трансконтиненталды дәліздің ЖЭБ үш бағытына тікелей қатысады: Қытай – Қазақстан – Ресей – Еуропа, Балтық теңізіне шығу мүмкіндігі бар; Қытай – Қазақстан – Әзірбайжан – Грузия – Түркия – Еуропа, халықаралық TRASECA бағдарламасы аясында, Қара және Жерорта теңіздеріне шығу мүмкіндігі бар; Қытай – Қазақстан – Түрікменстан – Иран – Пәкістан, Парсы шығанағы мен Үнді мұхитына шығу мүмкіндігі бар. Бұл бағытта алты бағыт бойынша қозғалу жоспарланса, оның бесеуіне Қазақстан қатысады [8].</p> <p>8. Еңбек миграциясы</p> <p>Елде жұмыспен қамту деңгейі жоғары болса, ол экономиканың дамуына серпін береді, жаңа жұмыс орындары пайда болып, жаңа өндірістер ашылады. Сонымен қатар, инфрақұрылым қарқынды дамып келеді – үйлер, сауда орталықтары салынып, көшелер мен тұрғын үй кешендері игерілуде.</p>	<p>міндеттемелері 4,9 миллиард долларға жетті [9].</p> <p>3.Ауыр салдары бар «онай» ақша.</p> <p>4.Арзан Қытай тауары.</p> <p>Елге өз өңдеу өнеркәсібін дамытуға және дайын өнім шығаруға мүмкіндік бермейді.</p> <p>5.Синофобиялық тенденциялар.</p>
Мүмкіндіктері	Қауіптері

<p>1.Үш зұлымдыққа қарсы бірлесіп күресу. Олар, яғни терроризм, экстремизм, сепаратизм. Жалғыз елге мұндай глобалды проблеманы шешу мүмкін емес болып келеді. Сондықтан осы жағдайларды шешу үшін бірлескен жөн.</p> <p>2.Коронавирустың экономикалық салдарымен бірлесіп күресу. Пандемияның әсеріне көптеген елдерде экономикалық жағдайлары күрт өзгерді. Соның ішінде Қазақстанда бар. Сонда короновирустың қандай зиян болғанын көреміз. Осы мәселені шешуге де көп қаражат пен көрші елдерден қолдау өте маңызды.</p>	<p>1.Қытайдың «Жұмсақ күші» саясаты. Конфуций институттары мен синология сабақтары қытайлық жұмсақ күштің басты символына айналды. Қытай тілін білу ұсынатын мансап мүмкіндіктері жас ұрпақты қызықтырады.</p> <p>2.Этникалық қазақтардың қауіпсіздігі.</p> <p>3.Ассимиляция. ШҰАР- дағы қазақ азаматтарының басқа ұлтпен неке құруы сол қандастардың ассимиляциясына әкеліп соқтырады.</p> <p>4.Трансшекаралық өзендер. Қытайдан бастау алатын көптеген өзендер Қазақстан арқылы өтеді және оның сумен қамтамасыз етілуі осы өзендерді Қытайдың қаншалықты пайдаланатынына байланысты. Трансшекаралық өзендердің көпшілігі Қытайдан бастау алады. Үш бассейнді ажыратады: Ертіс өзені алабы, Алакөл өзені алабы және Іле өзені алабы.</p>
---	--

10>9. Қытайдың Қазақстандағы мүдделері мен қызығушылықтарында күшті тұстары және мүмкіндіктері басым. Қазақстан әрқашан көршілерімен тығыз экономикалық ынтымақтастыққа ұмтылып келеді. Бүгінгі таңда Қытай Қазақстан Республикасының негізгі сауда серіктестерінің бірі болып табылады. Жалпы, Қазақстан Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық мүддесінің басты нысаны болып табылады. ҚХР-ның Қазақстандағы қатысу ауқымы бүкіл посткеңестік кезеңде тұрақты түрде өсті және қазірдің өзінде маңызды болып көрінеді. Оның үстіне, бастапқыда Қытайдың экономикалық мүддесі тек сауда байланыспен қана шектелген болатын. Ал бүгінде ҚХР-ның Қазақстандағы жобалық және инвестициялық қызметі белсендіруге бағытталған жүйелі күш-жігері анық байқала бастады. Қытай елінің Қазақстан экономикасында қатысуы жақсы байқалады.

Сонымен қатар, Қытай-Қазақстан қарым-қатынастары «мәңгілік» және «жан-жақтылық» деген екі ұғыммен сипатталатын стратегиялық серіктестікті білдіретін ортақ мүдделерге негізделген. ҚР мен ҚХР арасындағы қарым-қатынастардың өзегі көпжақты

және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамыту болып табылады. Бүгінде табысты саяси және әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастармен қатар мәдени байланыстар да жемісті дамып келеді. Қауіпсіздік саласында Қазақстан мен Қытай арасында кең консенсус пен өзара іс-қимыл сақталады, екі ел де бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға зор үлес қосып жатыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 <https://www.kazportal.kz/kazakhstan-i-kitay/>
- 2 <https://static.365info.kz/uploads/2019/09/a8db8433.png>
- 3 <https://regnum.ru/news/economy/2301766.html>
- 4 <http://tek360.rbc.ru/articles/4/>
- 5 <https://365info.kz/2021/06/pyat-prichin-sotrudnicat-s-kitaem-a-ne-ssoritsya-sultanov>
- 6 <https://studyinchinas.com/ru/бесплатное-обучение-в-китае-для-казах/>
- 7 <https://zbt.kz/obsestvo/kitajskie-studenty-rasskazali-pocemu-resili-ucitsa-v-almaty>
- 8 <http://www.demoscope.ru/weekly/2015/0629/demoscope629.pdf>
- 9 https://forbes.kz/finances/markets/popast_vkoleyu_1